

УДК 35.08:005 (574)

Л. Б. Ғазизова,
*Атырау облысы әкімі аппаратының Мемлекеттік
қызметшілерді қайта даярлау, біліктілігін
арттыру және тілдерді оқыту өңірлік
орталығының бөлім меңгерушісі*

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ RWCT СТРАТЕГИЯЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Аталған мақалада мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін арттыруда оқытудың жаңа технологияларының бірі – RWCT (Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту) бағдарламасының тиімділігі көрсетілген.

Автор осы бағыттағы іс-тәжірибесімен бөлісе отырып, қоғамның үдемелі өзгерістерінің сұраныстарына жауап беретін кәсіби біліктілігі, әлеуметтік жауапкершілігі, жаңашыл түрде ойлауы, белсенділігі жоғары мемлекеттік қызметшілердің қалыптасуына бағыт беретін оқыту стратегияларының маңызын ашып, оқу үдерісінен нақты мысалдар келтіріп дәлелдеген.

Тірек сөздер: RWCT, сыни тұрғыдан ойлау, INSERT, Блум таксономиясы

Аннотация

В данной статье показана эффективность программы «Развитие критического мышления через чтение и письмо» как одной из новых технологий обучения в профессиональном повышении квалификации государственных служащих.

Автор делится своим опытом работы в этом направлении, раскрывает содержание стратегии обучения в формировании у государственных служащих профессиональной квалификации, социальной ответственности, новизны мышления, высокой активности, отвечающих на постоянно меняющиеся запросы общества, приводит примеры из учебного процесса.

Ключевые слова: RWCT, критическое мышление, INSERT, таксономия Блума.

Abstract

The article shows the effectiveness of the program «Developing critical thinking skills through reading and writing» as one of the new learning technologies in the professional increasing qualification of state employees.

The author has shared with own experience of working in this direction, revealed the contents of the training strategy in the formation of state employees in professional skills, social responsibility, originality of thought, high activity, responding to the fluid demands of society, gave examples from the learning process.

Key words: RWCT, critical thinking, INSERT, Bloom's taxonomy.

Елбасымыз «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Алдымызда халыққа және мемлекетке қызмет етуді барлығынан жоғары қоятын кәсіпқой мемлекеттік аппарат қалыптастыру міндеті тұр», – деп атап көрсете отырып, мемлекеттік қызметтің кадр құрамын кәсіби даярлықтың жетілдірілген әдістемелерін енгізу арқылы сапалы түрде жақсарту қажеттілігіне тоқталған [1].

Бұл қоғам өміріндегі барлық жаңарулар мен жаңашылдықтарды қабылдауға мемлекеттік қызметшілердің бейімділігін қамтамасыз ету мен мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін, біліктілігін үздіксіз арттыруда тұлғалық қабілеті мен қасиетінен басқа, жаңа білік пен дағдыны меңгеруді міндеттеп отыр.

Сол бағытта мемлекеттік қызмет реформасын дамытудағы басты міндет жаңаша ойлап, әрекет ететін мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігін, жоғары дәрежедегі құзіреттілігін арттырудағы оқыту әдістемесіне негізделеді.

Өз іс-әрекеттерінің уәжін ұғынуға, халықпен жұмыс жасауға, келіссөз жүргізуге, әлеуметтік мәселелерді көре білуге, стратегиялық маңызы бар шешімдерді дайындауға дағдыланған басшы кадрларды, кәсіби мемлекеттік қызметшілерді дайындау жүйесінде бұл сұрақтарды тиімді шешудің және ұтымды ұйымдастырудың жолдары қандай?

Ол заман талабына сай оқытудың инновациялық технологиялары негізінде ұйымдастырылған жүйелі оқу үдерісі мен тиімді оқу әдістерінен бастау алады деген пікірдемін, өйткені дұрыс таңдалған оқу әдістері – нәтижелі істің ең алғышарттарының бірі.

Заманында жаңаша білім беру мақсатын көздеген Ж. Аймауытов «Тәрбиеге жетекші» деген еңбегінде: «... Жаңа болмыс, жаңа ұғымдарды миға сіңіру – соның бәрінен тізбекті бір бүтін

ой шығару. Үйрету әдістерін дұрыс қолданғанда ғана соңғы мүдде орынға келеді. Ой мен іс амал жүзінде адамның жүретін түзу жолы, басқаша айтқанда, әдіс деген ой мен істі белгілі жоспармен дұрыс жүргізу», – деп үйрету әдістерінің дұрыс таңдалуына ерекше көңіл аударды.

Атырау облысы әкімі аппаратының Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау, біліктілігін арттыру және тілдерді оқыту өңірлік орталығында ұйымдастырылған қайта даярлау курстары мен біліктілік арттыру семинарларында, іс-шараларда мемлекеттік қызметшілердің белсенділігін арттырып, өз дағдылары мен әрекет икемдерін талдау үшін оқытудың интерактивті әдіс, нысандары жүйелі түрде қолданылып келеді. Іскерлік, кәсіби дағдыларын дамытуға, жетілдіруге жағдай жасайтын және оқыту барысында түрлі жағдаяттарды шешуге, оқу үрдісін шынайы практикалық қызметпен ұштастыруға мүмкіндік беретін бұл оқыту әдістері тыңдаушыларға эмоционалды көңіл-күй қалыптастырады, ақпараттарды белсенді түрде қабылдауға көмек етеді, жағымды уәждеме мен сенімді ахуал тудырады.

Бұл ретте әлеуметтік – мемлекеттік қызметте сыни және креативті ойлайтын, келешекке деген өзіндік көзқарастары қалыптасқан кәсіби мемлекеттік қызметшілерді даярлауда «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» оқыту стратегияларының маңызы ерекше, өйткені бұл әдістер мемлекеттік қызметшілердің шешім қабылдау, орындаушылық, топта жұмыс істеу, шығармашылық, көшбасшылық қабілеттерін дамыту, тілдерді және заңдарды жұмыста сауатты қолдана білу тәрізді икем – дағдыларын толықтыру, жетілдіру мүмкіндігін береді.

«Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» қандай бағдарлама? RWCT стратегияларының тиімділігі неде?

«RWCT – «Reading and Writing for Critical Thinking» ағылшын тілінен аударғанда «Оқу мен жазу сыни тұрғыдан ойлау үшін» дегенді білдіреді, яғни сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға бағытталған оқу мен жазу» [2].

Сыни тұрғыдан ойлау:

- жоғары дәрежедегі ойлау;
- шыңдалған ойлау, салыстыру, зерттеу, жүйелілік;
- түсініктерді сынау емес, ақпаратты сыни тұрғыда қабылдау;
- әркімнің өзіндік дауысын өзге ойлармен, дәлелдермен өз көзқарасымызға жаңаша қарау үшін тыңдай білу;
- өзіндік және жеке ойлау;
- үйрету мен үйрену бірлігінен, тыңдаушының қызығушылығынан тұратын, сеніміне негізделген құрылым.

RWCT бағдарламасы бойынша сабақ 3 кезеңнен құралады:

Қызығушылықты ояту	Мағынаны тану	Ой толғаныс
– бұрыннан білетін мәліметтеріне қосымша ақпараттар жинақтау; – мазмұнды түсіндіруге тарту; – белсенді ойға шақыру.	– жаңа идеяны қабылдау, бұрынғының жаңамен байланысы; – ойлану белсенділігін арттыру; – түсінгенін анықтау.	– үйренген ақпараттарды тиянақтау; – іштей ойлау мен саралауды үйрену; – жинақталған ақпаратты тәртіпке келтіру.

Американдық ғалым Д. Клустердің айтуы бойынша «Сыни ойлау – ақпарат соңғы пункт емес, бастапқы нүкте болып табылатын жекеше ойлау. Сыни ойлау – бұл сұрақ қою және анықтауды қажет ететін мәселені анықтау. Сыни ойлау – сенімді дәлелдерге ұмтылыс және әлеуметтік құбылыс» [3].

Сондықтанда мемлекет саясатын жүзеге асырушы тұлға – мемлекеттік қызметшілердің кәсіби білік, дағдыларын арттыруда Дж. Дьюи, Ж. Пиаже, Л. С. Выготский, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев сынды ағартушы, ғалымдардың көзқарастарын, жоғарыда аталған халықаралық бағдарламаның авторлары – Джини Стилл, Чарльз Темпл және Курт Мередит идеяларын басшылыққа алатын RWCT оқыту әдістерінің тиімділігі сөзсіз.

Оқу кезінде тәжірибе арқылы жекелеген дағдылар мен әрекет икемдерін үйрену және жаттығу – қызметті орындауды жақсартудың тиімді жолы десек, аталған оқыту әдістері теория мен практиканы сабақтастырып, жеке, жұптық, топтық ойлар арқылы тыңдаушыларды еркін пікірлмасуларына жетелейді.

Талқыланатын тақырыптарға сай «Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» стратегияларын

ұтымды қолдану оқытушы шеберлігін шыңдап, тыңдаушының қызмет бабындағы белсенділігін, іскерлігін ұштайды.

Бұл – RWCT стратегияларының оқыту үдерісіндегі дайын нәрсені ұсыну қателігінен қорғайтын, білім алушының белсенді ізденуші деңгейіне жетелейтін бағдарлама философиясының жетістігі.

Өңірлік орталықта ұйымдастырылатын іс-шараларда «Топтастыру», «Екі жақты күнделік», «БҮҮ», «INSERT», «Жигсо», «Бұрыштар», «РАФТ», «Топтық зерттеу» және т. б. нәтижеге негізделген оқыту стратегиялары арқылы жүргізілген талдау, пікіралмасулар мемлекеттік қызметшілердің өзекті мәселелерді тануларына, шешу жолдарын іздестіруге, дұрысын таңдай және бағалай білудегі іскерлік қабілеттерін арттырады.

Оқуға келген әрбір мемлекеттік қызметші жағымды өзгерістерге қол жеткізуге ұмтылады және өз қызметінің нәтижесін көріп, соған сай қызметтік дағдылары мен әрекет икемдерін талдап, оларды жетілдіруге бағыт алады.

Соның ішінде мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілде ісқағаздарын сауатты жүргізе білуі – басты міндеттердің бірі, осы бағытта «Қызметтік хаттар, жазылу ерекшеліктері» тақырыбын меңгеруде тыңдаушылар «Ой қозғау», «Ойлан, жұптас, пікірлес», т. б. стратегиялары арқылы жұмыстанып, хат, қызметтік хат ұғымдарына қатысты өздері білетін ақпараттармен алмасып, көзқарастарын толықтырды.

Бірі алғашқы хаттар тізбегінің тек әскери мақсатта қолданғандығын нақты мысалдармен келтірсе, бірі Ежелгі Грецияда арнайы дайындалған шабармандардың қызметі мен хаттарды тасымалдаудағы Юлий Цезарьдың жүйелі жұмыстары туралы, өздері жазған хаттардың маңыздылығы жөнінде, бірі қызметтік хаттар мен E-mail, т. б. турасындағы ойларымен бөлісті және әр мемлекеттік қызметші белсенді қарым-қатынаста өз пікірлерінің құндылығын сезіне білді.

Осы дәріс барысында тыңдаушылар еркін үлгідегі хаттар мен қызметтік хаттардың үлгілерімен топтық жұмыстар жасап, қызметтік хаттарды жазу барысында жиі жіберілетін стильдік қателерді, тавтология (кішігірім контекст ішінде бір сөзді бірнеше қолдану), плеоназм (айтылған жайтқа ешқандай мән қоспайтын, қосанжарланып жүретін сөздер), адам есімдерін жазудағы кемшіліктерді айқындап, өз тәжірибелерімен бөлісті, осы мәселелерді шешу жолдарын ұсынды. Қосымша берілген ақпараттардағы қызметтік хаттардың түрлерімен, жазылу ерекшеліктерімен, өздеріне тән қолданылатын түйінді сөздер мен сөз орамдарымен таныса отырып, қызметтік хат үлгілерін жазды. Дәріс соңында тыңдаушылар еркін бір-біріне тақырып аясы мен сабақ барысы турасындағы ой-толғаныстары түсірілген хаттармен алмасты, «Дәріс кезінде американдық жазушы Торнтон Уайлдердің «Қолдан жазылған хаттар өткен ғасырдан келген құттықтаулар сияқты көрінеді» деген пікірі ойыма оралды, ой-сезімді төгілдірер хаттарға не жетсін, әсіресе ол көзқарасыңмен үндесер әріптестерден болса...» және «басқа басқармалардан, аудандардан келген әріптестермен тәжірибе алмасып, еркін пікір білдіргенімізге, өз жұмысымыздағы кейбір көңіл аударылмай қалып жатқан жайттарды айқындағанымызға өте ризамын» деген ойларымен топтық жұмыстардың, таңдалған оқу әдістерінің тиімділігін атап көрсетті.

Көптеген жағдайда мемлекеттік қызметшілер қызметіне орай көпшілік алдында шығып сөз сөйлеу, заман талабына сай бұқаралық ақпараттық құралдармен тығыз байланыс жасау мүмкіндіктері жүктеледі және оның негізі – үлкен жауапкершілік пен сауаттылықта. Осы орайда сөйлеу мәдениетінің нормалары мен көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін меңгеру мәселелеріне тоқталғанда «INSERT» стратегиясы тиімді болды және тыңдаушылардың жекелеген дағдыларын, мысалы, талдау, шешім қабылдау, орындаушылық, нәтижеге негіздеп мақсат қою, шығармашылық дағдыларын және өзіне сенушілік, топта жұмыс істеу сияқты әрекет түрлерін белсендірілуге ықпал етті.

«INSERT – бұл түсінудің жеке меншік үдерісінің мониторинг әдісі. Әр тыңдаушы өзіне «осы мәселе жөнінде мен не білемін», «менде қандай ой туды», «осы материалдан жаңа не білдім» және «жұмыс барысында қандай сұрақтар пайда болды және қандай сұрақтар ашылмай қалды» деп баға беруінің маңызды екені түсінікті. Осы төрт пункт өзін-өзі бағалаудағы кез келген сәтте өзекті болып қала береді» [4].

Бұл бағытта төмендегі іс-әрекеттер жүзеге асырылады:

1. Түртіп алудың түсініктемесі тақтаға жазылады. Сосын тақырыпқа орай таңдалған мәтінді белгілерді қоя отырып оқуға уақыт беріледі;
2. Оқып алған соң INSERT кестесін толтырады;
3. Кестелерін жұпта талқылайды;

4. Кестені топта талқылайды. Кестеге қандай мәселелерді енгізу керектігін таңдайды;

5. Материалда көтерілген мәселелердің даулы жақтарын анықтайды, сондай-ақ сұрақтарға жауап іздейді. Не сәйкес келді, егер сәйкес келмесе, неге? Алғашқы жазған тізімдерімен салыстырады. Ашық қалған сұрақтар, айқындалмаған пікірталастар әрі қарай іздену үшін қалады. Бұл бағытта әр түрлі жұмыс нысандарын анықтауға болады: жеке, шағын топтарда әрбір сұрақтарды іздеу және сұрақтар бойынша пікірталасқа дайындық жүргізу.

Бұл жұмыстардың нәтижесінде әр мемлекеттік қызметші өзінің әрекет ету табиғатын танып, осы негізде қызмет дағдылары мен икемдерін жетілдірудің жолын біле алды.

«Көпшілік алдында сөйлеу мәдениеті» тақырыбын талқылау барысында мемлекеттік қызметшілер мәтіндермен танысып, берілген ақпараттар ішінен білетін мәселелерін, өздеріне жаңалық болған, сонымен қатар көзқарастарына қайшы келер және түсінбеген мәселелерін айқындап, INSERT кестесін толтырды, сол арқылы дәйектілікпен өзіндік пікірлерін дәлелдеді. Әр тыңдаушының аналитикалық ойын дамытатын, материалды қаншалықты меңгергенін қадағалауға мүмкіндік беретін осы оқыту әдісі барысында толтырылған кестеден мысал келтіріп өтейін.

V білемін	+ мен үшін жаңалық	- қарама-қайшы мәселе	? түсінбеген мәселе
Көпшілік алдында сөз сөйлеу керек болса, оны жұмыс кестесіне енгізу; қажетті деректерді нақтылау; дайындық мәселесі; аудиториямен байланыс, т. б.	«Сынақ кәртешкесін» толтыру; сөйлеушінің тұрысындағы өзгешеліктер, аяққа күш салудағы ерекшеліктер; психологиялық дайындық үлгілері; сөйлеу нормаларының түрлері, т. б.	«Есте ұстайтын жайт, сөзді тыңдаушылар оның аяқталуын армандап отырғанда емес, әлі аяқталмаса екен деп тілеп отырғанда аяқтау керек», – деген пікір, т. б.	Тыңдаушылар мен жеңіл сөйлесе алу мүмкіндігінің жоғары бола отырып, теледидарда сұхбат беру арасындағы психологиялық кедергілердің болу жағдайлары, т. б.

Кесте бойынша жүргізілген топтық талқылаулар тыңдаушылардың қызмет нәтижесін өз бетімен талдау әдетін қалыптастырады, егер ол дағдыға айналса, мемлекеттік қызметшінің жұмыс сапасын жақсартуға деген талпынысы арқылы қызмет тиімділігін арттыруға жетелейді.

Мемлекеттік қызметшілерді оқытудағы міндет басқарушылық бағытындағы ғылымдар мен заңнама аясында мағлұмат берумен шектелмей, қабылданған ақпараттардың әр тыңдаушының өз қызметінде тиімді шешім қабылдауына, іскерлік, кәсіби дағдыларын қалыптастыруына негіз болуы тиіс.

Бұл ретте тренинг, семинар сабақтарын Блум таксономиясы бойынша ұйымдастыру да тыңдаушының дайын ақпаратты қабылдауынан гөрі, ондағы қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына қолдау етеді.

Блум таксономиясы адамның ақыл-ой қабілеттерінің құрылымы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өтуін негізге алып, 6 деңгейге жіктейді және сұрақтар арқылы белсенді әрекетке жетелейді.

Оқыту мақсатының деңгейі	Тыңдаушылардың нақты әрекеттері
Білім Материалды есте сақтау, түсіну, еске түсіру	– терминдерді, нақты дәлелдемелерді, негізгі түсініктерді, ережелер мен принциптерді келтіру.
Түсіну Материалды интерпретациялау, өз сөзімен мәлімдеу, келешектегі дамуына көз жіберу	– дәлелдемелер, ережелер мен принциптерді түсіндіру; – бар деректер арқылы келешектегі жағдайын болжап сипаттау.
Қолдану Білген материалдарын нақты жағдайда және жаңа жағдаяттарда, тәжірибеде қолдану	– заңдарды, теорияларды нақты практикалық жағдайда қолдану; – жаңа жағдаяттарда түсініктер мен принциптерді қолдану.

Талдау Материалды құрылымына қарай талдай білу	– бүтін ойдың бөлшектерін айқындау; – олардың бір-бірімен байланысын анықтау; – талдау барысында жіберілген кемшіліктерді көру; – түрлі дәлелдемелер мен салдарының ерекшеліктерін талдау; – мәліметтердің маңыздылығын бағалау.
Синтез (жинақтау) Жаңа үлгіні немесе құрылымды шығару үшін бөліктерді біріктіре білу	– эссе, баяндама жазу; – тәжірибе немесе басқа да іс-әрекетті жүзеге асыру жоспарын ұсыну; – міндеттерді іске асыру жоспарларын құру.
Бағалау Берілген немесе басқа да материалдардың маңыздылығын бағалай білу	– жазбаша мәтіннің логикалық жүйелілігін бағалау; – бар мәліметтердің қорытындыға сәйкестігін бағалау; – қызмет жетістігінің маңыздылығын бағалау.

«Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» оқыту стратегиялары тыңдаушылардың өздерін оқыту үдерісіне тікелей қатыстырып, іскерлік, кәсіби қасиеттерін жетілдіріп, өмірлік белсенді ұстанымдарын айқындайды, жеке тұлға ретінде дамуы үшін адамға білім қай жаста да қажет екенін және үздіксіз білім алудың маңызын көрсете алады.

Сөзімді қорытындылай келе, тиімді таңдалған әдістер, соның ішінде RWCT стратегиялары оқыту үдерісін де шығармашыл деңгейге көтеріп, өз тыңдаушыларының қызығушылығын және білім алу әрекетінің мәнін арттырады, қоғамның үдемелі өзгерістерінің сұраныстарына жауап беретін кәсіби біліктілігі, шығармашыл әрекеті, азаматтығы, әлеуметтік жауапкершілігі, жаңашыл түрде ойлауы, белсенділігі жоғары мемлекеттік қызметшілердің қалыптасуына бағыт береді дегім келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, Ақорда, 2012.
- 2 Мирсеитова С. С. Словарь RWCT. – «Кәсіби даму мектебі» сериясы, Алматы: Верена, 2005.
- 3 Әрекеттегі RWCT философиясы мен әдістері. – «Кәсіби даму мектебі» сериясы, Алматы: ИздатМаркет, 2004.
- 4 Мирсеитова С. С. Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде. – «Кәсіби даму мектебі» сериясы, Қарағанды, 2011.
- 5 Кайкенова Ж. К. Интерактивные формы и методы обучения государственных служащих. – Астана, 2008.

Дата поступления статьи в редакцию 24.09.2013